

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі  
Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша 2022 жылдың  
қыркүйек айының 12-і күні өткен «Қамқоршылық» кеңесі жұмысының №1 Хаттамасы

Қатысқандар: 9 адам

Қатыспағандар:

Күн тәртібі:

1. 2022-2023 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің мүшелерін, төрағасын сайлау, тізімін бекіту. Қамқоршылық кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау.
2. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
3. «Мектепке жол» Республикалық акциясына қатысу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ДТЖО Сақтағанова Р.Ж. қамқоршылық кеңестің жалпы ережелері, сайлау тәртібі мен құрамы, негізгі атқаратын қызметі, өкілеттігі, қамқоршылық кеңестің жұмысының ұйымдастырылуы жайлы айтып таныстырып өтті.

Биылғы жылы қамқоршылық кеңестің өткен оқу жылында болған төрағасы Махметов А.Қ. денсаулығына байланысты кеңестен өз келісімі бойынша босатылып отыр. Сол себепті біз биылға оқу жылына кеңес төрағасын сайлап алуымыз керек. Ұсыныс түсті: Директор міндетінен өз еркімен босатылған Секуов А.Ж. сайласақ. Ұсыныс дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды. Хатшы өзі қалдырылды.

2. Жаңадан сайланған қамқоршылық кеңесі төрағасы Секуов А.Ж. кеңес мүшелерінің бекіткен құрамымен, жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Кеңес мүшелері тізімі, жұмыс жоспары бірауыздан ешбір өзгеріссіз бекітілді.

Үшінші мәселе бойынша ДТЖО «Мектепке жол» республикалық акциясы туралы айтып түсіндірді. Бұл акция барысында мектептен аз қамтылған 3 оқушыға 50.000. қаражатқа оқу-құралдары, спорттық киім-кешектер алынып, көмек көрсетілгені айтылды. Ауыл әкімі Мұқанов Қ.С. 1-сыныптың 11 оқушысына мектепке қажетті портфель, оқу-құралдарын сыйға тартты.

Сөйлегендер: Сеитов Е.С. жеке кәсіпкер: мектепке құрылған қамқоршылық кеңесті бірауыздан құптап, барлық мүшелеріне жауапкершілікпен қарауға үндеу тастады.

Қамқоршылық кеңестің құрамы аз қамтылған отбасы балаларына көмектесуге дайын екендерін айтты.

Қамқоршылық кеңес төрағасының, кеңес мүшелерінің пікірлерін тыңдай келе, қамқоршылық кеңес шешім қабылдады.

Қаулы: Қамқоршылық кеңестің жұмысы ұйымдастырылып, кеңес мүшелері міндеттері бойынша жұмыс атқарсын

Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жоспар төраға басшылығымен орындалсын

Қамқоршылық кеңестің бүгінгі отырысындағы мәселе 2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек ұйымдастырылсын.

Кеңес отырысының төрағасы: Секуов А.Ж.

Хатшысы:

Сақтағанова Р.Ж.

*Секуов А.Ж.*  
*Сақтағанова Р.Ж.*

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша 2022 жылдың қазан айының 26-сы күні өткен «Қамқоршылық» кеңесі жұмысының №2 Хаттамасы

Қатысқандар: 5 адам

Қатыспағандар: 4

Күн тәртібі:

2022-2023 оқу жылы барысында бастауыш сынып оқушылары арасында тегін буфеттік тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесін қарастыру.

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» КММ-нің 2022 жылғы 26-шы қазанындағы №888 шығыс хаты негізінде бастауыш 2-4 сынып оқушыларын тегін буфеттік тамақпен қамтамасыз ету мәселесі бойынша қамқоршылық кеңесі мүшелерінің қатысуымен жиналыс өткізілді. Жиналысқа бес адам қатысты. Мектеп директорының м.а. Абыкеева Б.К. жиналысқа қатысушыларды №888 шығыс хатымен таныстырды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сақтағанова Р.Ж. мәлімет берді: Бізде мектепте қазіргі таңда 1-сыныптың 11-оқушысы бюджеттен тегін тамақтанады. Енді біздің алдымызда тұрған мәселе: 2-4 сынып оқушыларын тегін буфеттік тамақпен қамту. Жалпы 2-4 сыныптарда барлығы: 47 бала. Сөйлегендер: Секуов Ә.Ж. Балаларды тегін буфеттік тамақпен қамту мәселесін құптады, көмек беретінін айтты.


Молдашев М.Н. Буфеттік тамақпен қамтуды қолдады. Көмек ретінде бес қап картошка беретінін айтып өтті.

Сейтов Е.С. Бұл дұрыс қаралып жатқа мәселе екенін, оны қолдайтынын, көмек беретінін атап айтты.

Жалпы, жиналысқа қатысушылар буфеттік тегін тамақпен қамту мәселесі бойынша қаржылай да көмектесетіндерін жоққа шығармады.

Ұсыныс жасады: Көмек береміз, ұйымдастырамыз. (ұсыныс бірауыздан қабылданды)

Қаулы: 1. Оқушыларды тегін буфеттік тамақпен қамту мәселесін қолдаймыз.  
2. 2-4 сынып оқушылары буфеттік тегін тамақпен қамтылсын, көмек береміз

Кеңес отырысының төрағасы:  Секуов А.Ж.

Хатшысы:  Сақтағанова Р.Ж.



«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі  
Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі  
кезектен тыс өткен Қамқоршылық кеңесі отырысының  
Хаттамасы № 3

22.02.2023 жыл.

Өтілген орны: «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі

Қатысқандар:

1. Секуов Асет Жанжигитович- қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2. Сактаганова Рая Жандарбековна- кеңестің хатшысы
3. Муканов Канат Сарбасович-кеңес мүшесі
4. Молдашев Машур Нығметжанович-кеңес мүшесі
5. Сеитов Ермұрат Сеитұлы-кеңес мүшесі
6. Маханбетов Омирбай –кеңес мүшесі
7. Шакаев Габит Еркешевич –кеңес мүшесі

Қатыспағандар:

1. Айтилеов Таубажан Хамитович
2. Макашева Нағима Таскаровна

Күн тәртібі:

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сідиректордың бос лауазымына тағайындау конкурсына қарастырылуға жолданып отырған кандидат Сергазинова Гүлнар Темирболатовнамен кездесу.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы Секуов Асет Жанжігітұлы «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сідиректордың бос лауазымына ұсынылған кандидатпен қамқоршылық кеңес мүшелерімен таныстырып өтті.
2. Кеңес отырысына директордың бос лауазымына ұсынылған кандидат Сергазинова Г.Т. шақырылды.
3. Сөйлегендер: директордың бос лауазымына ұсынылған кандидат Сергазинова Г.Т. Өз ойымды қорытындылай келе, білім сапасын арттырудың маңызды шарттарының бірі- мектепті басқару сапасы дер едім. Мектепті басқару жүйесінде жеке модульдар емес, олардың оңтайлы үйлесімі жұмыс істейді. Сол себепті де негізі принциптер ретінде келесі мақсаттарды басты назарға аламын:
  - Жұмыстың барлық бағыттарын толық қамту;
  - Әртүрлі бөлімдердің қызметін үйлестіру және өзара байланыстыру;
  - Заманауи ақпараттық технологияларды қолдану, оқу-құралдарымен жабдықтау
  - Оқушылардың білім сапасын арттыру, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау
  - Білікті мамандарды тарту, жас мамандарды қолдау, педагогтарға қолайлы жағдай жасау

- Ауылдық округтегі ірі кәсіп иелері мен шаруа қожалықтарын демеушілік көрсетуге тарту

Ұсыныстар: қамқоршылық кеңесімен тығыз байланыста болып, мектепке демеушілер тартуын ұсынды

Қамқоршылық кеңес тарапынан директордың бос лауазымына ұсынылған кандидатқа мектептің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етуге және мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын жасауды ұсынды

Кеңеске қатысушылар: 7 адам

1. Секуов Асет Жанжигитович- қамқоршылық кеңесінің төрағасы *Секуов*
2. Сақтағанова Рая Жандарбековна- кеңестің хатшысы *Сақтағанова*
3. Муканов Канат Сарбасович- кеңес мүшесі *Муканов*
4. Молдашев Машур Нығметжанович- кеңес мүшесі *Молдашев*
5. Сеитов Ермұрат Сеитұлы- кеңес мүшесі *Сеитов*
6. Маханбетов Омирбай -кеңес мүшесі *Маханбетов*
7. Шакаев Габит Еркешевич -кеңес мүшесі *Шакаев*

Кеңес отырысының шешімі: Кеңеске қатысушылардың (барлығы 7 адам) шалты берді:  
Иә-7 адам, қарсы жоқ-0

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі директордың бос орын лауазымына кандидат Сергазинова Г.Т. лайықты деп шешті.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: *Секуов* Секуов А.Ж.  
Хатшысы: *Сақтағанова* Сақтағанова Р.Ж.

«Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңесі

Хаттамасы № 4

14 шілде 2023 жыл.

**Қатысты: 5 адам**

Қатысушылар: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сақтағанова Р.Ж., қамқорлық кеңесінің төрағасы Секуов А.Ж., қамқоршылық кеңесінің мүшелері Муканов Қ.С., Сеитов Е.С., Молдашев М.Н.

**Күн тәртібінде:**

**1-мәселе: 2023 жылы жаппай оқу қорынан оқушыларға көмек көрсету мәселесі.**

(Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сақтағанова Р.Ж.)

**Тыңдалды** бірінші сұрақ бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сақтағанова Р.Ж. қатысушыларды 2023 жылы жаппай оқу қорынан көмек көрсету туралы ақпарат берді. Жылда мектеп оқушылары арасынан көпбалалы, аз қамтылған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаппай оқу қорынан қаржылық және материалдық көмек көрсетіледі. Бізде көпбалалы, аз қамтылған отбасылары бар, бірақ олардың кірістері күнкөріс деңгейінен асып кеткендіктен олар бұл көмекке қамтылмайды. Ал бізде мынадай ата-аналар бар: Муханбетжанова Д.Д. отбасында үш бала, біреуі студент, ақылы оқиды, екеуі мектепте оқиды, 9-5 сынып. Өз бастарында тұрғын үйлері жоқ, ағасының үйінде тұрады. Анасы маусымдық жұмыс істейді. Қыс мезгілінде балалардың қасында. Малы, жеке шаруашылығы, жер учаскесі жоқ. Оспанова Г.С. бұл аз қамтылған отбасы, отбасында екі бала, екеуі де мектепте оқиды, 2-11 сыныпта. Анасы форма №4 нысанға жатады. Жұмыс істемейді малы, шаруашылығы жоқ, тек тұрғын үйі бар. Қыз баласы үлкен қалада жұмыс істейді, сол анасына көмектесіп отырады. Басқа қосалқы ештеңесі жоқ. Сол себепті, осы ата-аналардың жағдайына қарап, сіздердің алдарыңызға ұсынып отырмын, осы аталған балаларға жаппай оқу қорынан көмек беруге және тегін тамақпен қамтуға ұсынуға. Биылғы жылы әр балаға қаржылай көмек беріледі. Сіздердің пікірлеріңізді білсек.

**Сөз сөйлегендер:** Секуов А.Ж. бұл отбасының балаларына әрине көмек беру керек. Мен өзім қарсы емеспін. Жағдайларын естіп отырсыздар.

Муканов Қ.С. бұл жанұяларға көмек қажет, көмекке ұсынуға болады, материалдық жағдайын тексеру қорытындысы бойынша қарағанда көмек керек. Мен ұсынамын, екі отбасында. Муханбетжанова Д.Д., Оспанова Г.С.

Сеитов Е.С. Иә, өзіңіз айтқандай жаңағы тексеру қорытындысы бойынша көмекке мұқтаж екенін байқап отырмын, сондықтан екі отбасын да ұсынамын.

**Қабылданған қаулы:** Тексеру қорытындысы бойынша Муханбетжанова Д.Д., Оспанова Г.С. отбасының балаларына жаппай оқу қорынан көмек көрсетуді ұсынамыз.

**Шешімі:1.** Алқалы басқару органы шешімі бойынша: Муханбетжанова Ш. 9-сынып, Муханбетжанов Али. 5-сынып. Оспанов Ернур. 11-сынып. Оспанова Толқын. 2-сынып. Жаппай оқу қорынан қаржылық материалдық көмек алуға және тегін тамақпен қамтылуға тізімге енгізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Секуов А.Ж. .

Хатшы:  Сақтағанова Р.Ж.